

**ЕРТІС**

---

---

**ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ  
ҚОҒАМДЫҚ ГАЗЕТ** 1999 жылдан бастап шығады

№1 (81). 2009 жыл. 24 ақпан

**ДИДАРЫ**

---

# Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамына – 20 жыл ҚОҒАМ БЕЛЕСТЕРІ



## Мұрат ӘБДІРАХМАНОВ, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымы Басқармасының төрағасы.

Тәңіріміз қолдап, тәуелсіздікке қол жеткізген шағымызда ана тіліміздің алдағы тағдыр-талайының айшықты бола-рына күмәнсіз сенген едік. Баба тарихы мен мәдениетінен мүлде мақұрым қалып, мәңгірттік кейіпке бейімделе бастаған замандастарымыз азаттықтың көгілдір байрағы аясында дүр сілкінді. Сол кезеңде қол жеткізген мұрат-мүдделеріміздің бірі – ана тіліміздің қайта жаңғыруы болды. Өшкені жанып, төл тілі мемлекеттік дәрежеде озіне оралған ұлт бұл тарихи үрдістің мән-маңызын жан-тәнімен сезініп, рухани қайта түледі. Ата Заңымызда, екі

бірдей Тіл Заңында баба тіліміздің мемлекеттік дәрежесі мөртаңбамен бекітілді, 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы 1989 жылы, 22 қыркүйекте, Алматы қаласында өткізілген I Құрылтай съезінде құрылды, 1990 жылдың 12 ақпанында заңды құрылым ретінде тіркеуден өтті. Қоғамның тұңғыш президенті болып Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАР сайланды.

Алғашқы Құрылтайға біздің облыстан жергілікті ғалымдар Ермек Өтебаев, Жеңіс Марданов, қарт ұстаз Ханафия Асқаров, Екібастұз қалалық радиосының редакторы Жұмағали Қоғабаев, Павлодар трактор зауытының жұмысшысы, ақын Арман Қаниев делегат болып қағысты. Ал 2004 жылғы 11 қарашада өткізілген IV съезде Қоғамның Бірінші вице-президенті Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі ӨМІРЗАҚ АЙТБАЕВ президент болып сайланды. «Қазақ тілі» қоғамының басты міндеті – Қазақ ССР-нің 1989 жылы 22 қыркүйекте қабылданған «Тіл туралы» және Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңдары негізінде 2001–2010 жылдарға арналған тілдерді дамытудың ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуына, қазақ тілінің қоғамдық өмірдің барлық саласына толық енуіне арналған іс-әрекеттердің жүзеге асырылуына атсалысу болып табылады.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Павлодар облыстық ұйымы 1990 жылғы 17 қарашада құрылды. Облыстық ұйымның төрағалық қызметіне ЖЕҢІС МАРДАНОВ (1945–2001 ж.ж.) сайланды. Сол жылдың қазан айында Жәкеңнің тікелей басшылық етіп, ұйымдастыру арқасында ұйымның ақпараттық үні «Дауа» газеті жарық көрді. Газет материалдарын сұрыптап редакциялауда Бақи Әбдіқадыров, Нәсіполла Есімов, Байтұяқ Жанымбетов сынды кәсіби журналистер көп еңбек сіңірді. Дегенмен «Дауа» газеті көп уақыт ұзамай қаржы тапшылығына байланысты жабылды да, облыстық қоғамға Ерсайын Бимағанов төрағалық еткен кезеңде, 1999 жылы ұйымның жаңа үні «Ертіс дидары» газеті шығарыла бастады.

Облыстық ұйымның құрылуына және жұмысының дұрыс жолға қойылуына Павлодар педагогика институтының кафедра меңгерушісі, ф.ғ.к, профессор Ермек Өтебаев, Павлодар индустриалды институтының доценті, ғылым кандидаты Тілеукең Еңсебаев, соғыс және еңбек ардагері, ұлтжанды жерлесіміз Қамантай Бағталов зор үлес қосып, әрдайым алдыңғы сапта жүрді. Қоғамның бастауыш ұйымдарын өндіріс орындарында құруда Павлодар трактор зауыты өндірістік бірлестігі партия ұйымының хатшысы Мерсалық Тәліпов пен осы ұйымның қызметкері Биеке Болагов, Павлодар алюминий зауытының тіл маманы Гүлнар Сәдуава, Ермек феррокорытпа зауытының жұмысшысы Төлеубек Әйтемов бастамашылдық көрсетсе, Екібастұз қаласында Амангелді Қаңтарбаев, Дәмет Қарашашева, Ғалия Балтабаева сынды ұлтжанды, жігерлі журналистер белсенділік танытып, елеулі істерімен көзге түсті.

Сол кезде облыстық қоғамның есеп шотына облыстық атқару комитетімен қатар, «Пульс» АҚ директоры Кеңес Жұмабеков, КАМТС кәсіпорны директоры Тілеулес Асайынов сынды кәсіпкер азаматтар қоматқы қаржы аударып, мәрттігін паш етті.

Аудандық ұйымдардың төрағалығына әр жылдары сайланған Мұбарак Жаманбалинов (Ертіс), Лияс Оспанов (Ақсу), Алыпсес Әділханұлы (Баянауыл), Жұмағали Қоғабаев (Екібастұз), Қайыр Ахметов (Май), Мәті Бақтияров (Железинка), Қаһарман Загітов (Шарбақты) сынды азаматтар қоғам жұмысын бірден үйіріп әкетті.

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Павлодар облысы «Қазақ тілі» қоғамдық ұйымына әр кезде Жәніс Марданов (02.1990–11.1991 ж.ж.), Айтбай Алдоңғаров (11.1991–09.1992 ж.ж.), Еркін Бейсенбаев (09.1992–08.1995 ж.ж.), Сәрсенбай Шектібай (08.1995–07.1998 ж.ж.), Ерсайын Бимағанов (07.1998–07.2000 ж.ж.) төрағалық етті. 2001 жылғы маусым айынан бері облыстық ұйымды Мұрат Мұсайбеқұлы Әбдірахманов басқаруда. Қоғамның 2004 жылғы IV съезінде ол республикалық ұйымның Басқарма мүшесі болып сайланды.

Еңбек ардагерлері: Едіге Қайырбеков, Еркін Баяндин, Темірболат Дайкенов, Тельман Айтқазин, Ханафия Асқаров, Қайрат Әбенев, Бақыт Сағындықов, Ми-граж Сагидуллин, Рәшит Сәбитов, Көкіш Әміржанов, Құдайберген Пішенбаев, Қылышбек Баязитов, Қайыркен Шәріпов сынды азаматтарымыз әр кезде қоғам жүгін бірлесе көтерісіп, іс-шараларын бірге жүзеге асырысып келді. «Тіл тағдыры – ел тағдыры!», «Тіл үшін күрес – елге тиген үлес» деген ұстанымдағы қоғам белсенділері кезінде «Невада–Семей», «Азат», «Алаш» қоғамдық бірлестіктері және Мұсылман әйелдері лигасы облыстық ұйымдарымен бірлесіп өзге де келелі іс-шараларды жүзеге асыруға белсене атсалысты. Қоғам мәртебесінің жоғарылауына Бақыт Сүбекова, Зәру Ибраева, Сара Ерденова, Қазиза Наурызбаева тәрізді ардагер ұстаздар игі ықпалын тигізді. 2000 жылдың бас кезінде облысымызда «Алтын тіл», одан кейін «Ана тілі» бағдарламалары қабылданып, тілдерді дамыту Қорының ашылуы (директоры Қабидолла Шәкәрімов) ұйым жұмысына айтарлықтай серпіліс берді. Ана тіліміздің мәртебесін көтеру барысында көптеген келелі істер атқаруымызға С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, ғылым докторы, профессор Ерлан Арын бастаған осы оқу орнының білікті ұстаздары жан-жақты қолдау көрсетіп, қол ұшын беруде. «Ертіс дидары» газетінің 1999 жылы жарық көруіне Қуандық Жүсіпов, Тілеуке Еңсебаев сынды ғалымдар белсене араласып, Еркін Баяндин, Қайыр Жүнісқалиев тәрізді журналистер оның алғашқы нөмірлерін баспадан шығарды. Бірер жыл газет редакциясын Ардабек Салдатбай басқарды, сол кезеңде облыс Тілдерді дамыту қорының атқарушы директоры Қабидолла Шәкәрімовтың тікелей қолдауымен редакция штағы ұлғая бастады және журналистер көкейкесті проблемалар

тер Қаныш Сәтбаевтың 105 жылдық, Әлкей Марғұланның 100 жылдық, ғұлама ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 150 жылдық мерейтойларына орай, журналистика, өнер, мәдениет қайраткерлері, белгілі жерлестеріміз Баки Әбдіқадыровтың, Әнуар Қалиевтың, Жанат Чайкинаның өнериетіне байланысты жарияланымдар жарық көрді. «Ұлы Ертіс» ассоциациясының (директоры Жанайдар Рамазанов) Ертіс өзені аралы мен оның жайылма алқабын қорғап, сақтауға бағытталған жұмысы жөнінде кең көлемді материал жарияланды.

Газетте қазақ мектептерінің мәселелері ұдайы көтерілді, оның ішінде Павлодар қаласындағы № 2 аралас орта мектепте 1-қазақ сыныбын түрлі сылтаумен ашпауға бекінген мектеп әкімшілігінің ұйғарымына ащы сын айтылды, нәтижесінде аталған сынып қайта ашылды. Сондай-ақ № 22 мектепті таза қазақ мектебіне айналдыру туралы ата-аналардың өтінішіне орай жұмыс істеген комиссия материалдары жария етілді. Сонымен қатар, өлкеміздегі ономастика мен топонимика мәселелері және осы салаларда шешімін күтіп тұрған проблемалар жөніндегі материалдар үзбей жарық көруде. Мемлекетіміздің тіл саясатына байланысты теріс пікір тудыруды көздеген кейбір бұқаралық ақпарат құралы өкілдерінің әрекетіне газет арқылы тойтарылыс берілуде. Облыстық «Қазақ тілі» қоғамының өткені мен бүгінгі болмысы, хал-ахуалы жөнінде кезінде Қоғамның белсенді мүшелері, аймақтық БАҚ-та жауапты қызмет атқарған майталман журналистер: Сәкен Шаймерденов, Айтжан Бәділханов, Мұхаметжан Дәуренбеков, Әлжожа Мұхамеджанов, Төлеубек Қоңыров, Бақыт Баймұратов, Социал Әйтенов материалдар жариялап отырды. Сондай-ақ тележурналист Жұмасейіт Бижанов жүргізген «Дәуір» телехабарында, ұлтымыздың мәдениеті мен дәстүріне, ділі мен дініне және тіліне байланысты көкейкесті мәселелер көтерілді. Жергілікті телевизияда аталған тақырыпқа орай әлі де тікелей эфир, «дөнгелек үстел» ұйымдастырылады.

Қоғамның ең басты проблемалары, бағыт-бағдары жөнінде республикалық БАҚ арқылы да айтылып, жазылып жүр. Мысалы, 2005 жылы «Қазақстанға правда» басылымында, осы газеттің Павлодар облысы бойынша меншікті тілшісі С. Горбуновпен сұхбатымызда ұйымның ағымдағы проблемаларын қозғадық.

Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауына орай тіл мәселелері жөніндегі пікіріміз «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды. 2006 жылғы желтоқсан айында, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті ұйымдастырған «Мемлекеттілікті нығайту жағдайындағы

жастарының қазақ тілі мен өнеріне деген қызығушылығын, құштарлығын арттыруға септігін тигізіп, мемлекеттік тілді меңгеру барысында ұтымды тәсілге айналды. Облыс тілдерді дамыту басқармасы (бастығы Талғат Әбілқасымов) ұйымдастырған «Мемлекеттік тіл – менің тілім», «Үздік аудармашы» тәрізді тіл сайыстарының нәтижесінде № 25 мектептің орыс сыныптарындағы қазақ тілі пәнінің оқытушысы Наталья Муштаева, Музыкалық колледждің студенті, неміс қызы Эльдана Габерман, №39 мектептің оқушысы, шешен қызы Ахужанова Лейла, Павлодар теміржол станциясы қызметкері, орыс қызы Шкарупа Ольга, ИНЕУ-дің студенттері Диана Малервейн, Светлана Шнайдер мен Ирина Юрьевна Дроздованың т.б. есімдері өлке жұртшылығына танымал болды. Наталья Муштаева кейін республикалық сайыста бірінші орынды иемденді.

Қазақ тілі мен өнерінің өркен жаюына елеулі үлес қосқан өзге ұлт өкілдерінің арасынан, әсіресе, облыстық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі Василий Ильешонконың, Екібастұз қаласындағы «Атамұра» мәдениет орталығының директоры Александр Верещактың, Павлодар университетінің проекторы Владимир Шнайдердің есімдерін ерекше атау едік. Олардың атқарған игі істерін барынша қолдап, өнегелі өмір жолдарын басқаларға, әсіресе жас ұрпаққа дер кезінде насихаттап, үлгі етіп ұсыну біздің де абыройлы борышымыз деп білеміз. Облысымызда Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы құрылғаннан бастап, оның игі ықпал етуінің нәтижесінде ісіміз едәуір ілгері басып, жүйелі, жоспарлы бағытта жүре бастағаны анық. Сол кезден бері іс-шараларымыздың мазмұны мен түр-сипатының, жалпы сапасының қазіргі талғам-талаптар деңгейінен көріне бастағаны байқалады. Басқарма бастығы Талғат Әбілқасымовтың тікелей бастамасымен және облыс әкімінің қолдауымен өткізілген тілдер фестивалдері, «Дөнгелек үстелдер», ғылыми-практикалық конференциялар, түрлі конкурстар мен байқаулар, «Бырыңғай мемлекеттік тіл күні» тәрізді акциялар өлкедегі өнегелі үрдіске айналды. Басқарма жанынан шығарылған «Тілтаным» атты жаңа журнал тіл жанашырлары мен мамандарының көңілінен шықты дей аламыз.

2003 жылдың шілдесінде «Қазақ тілі» қоғамы жанынан мемлекеттік тіл мамандары кадрларын қайта даярлап, біліктілігін арттыру жөніндегі Орталықтың (директоры Тоғайбай Кенесбаев) ашылуы тіл саласына нақтылы үлес қосуымызға мүмкіндік туғызды. Орталықты сол кезде облыс бойынша қоғамдық келісім және ақпарат басқармасының бастығы Жәніс Мананбаев қызу қолдап, қажетінше қол ұшын берген еді, енді оған тілдерді дамыту жөніндегі басқарма қолдау көрсетуде.

ректора Кабидолла Шәкәрімовтың тікелей қолдауымен редакция штаты ұлғая бастады және журналистер көкейкесті проблемалар мен ақтандақ тақырыптарды қозғап, өткір сыни материалдар жазуды қолға алды. Қордың жұмысы тоқтатылған соң, газет шығару ісі қаржы тапшылығына тап болып, тоқырауға ұшырады. Осындай кезеңде Ақсу қаласының бұрынғы әкімі, аймақтың әйгілі азаматтарының бірі Қуат Есімханов, облыстық Қ. Сәтбаев қоры (директоры Оралбек Қожанов) қаржылай бірді-екілі көмек берген болса, облыстық мәдениет басқармасы (бастығы Айым Қанафина) қаржылық қолдау көрсетті. Тіпті, соғыс және еңбек ардагері, қарт ұстаз, қазақ баспасөзінің асқан жанашыры Ханафия Асқаров ақсақал өзінің бір айлық зейнетақысының қомақты бөлігін газеттің бір санын шығару үшін типографияға аударған еді. Дәл сол қиын кезеңде газеттің редакторлығына бекіген күрескер ақын, тәжірибелі журналист Арман Қани еңбекақысыз жұмыс істеді. Өлгіндей жанашыр азаматтардың көрсеткен көмегі және табандылығы мен қажырлығы арқасында «Ертіс дидары» жабылу қатерінен аман қалды. Ал кейінгі жылдары «Ертіс дидарын» облыстық тіл бағдарламасы бойынша қаржыландыру мәселесі оң шешілді де, айына бір рет тұрақты шығару ісі жолға қойылды, газеттің көлемі ұлғайып, материалдарының сапасы жақсара түсті. Облыс Тілдерді дамыту басқармасы мамандары да газет шығару ісіне атсалысып, әрбір санның арнайы 4 бетін өздері дайындайды. Мұндағы материалдар тіл мамандарына әдістемелік құрал тәрізді септігін тигізуде. «Қала келбеті» бетінде Басқарма мамандарының қалалар мен аудандар көшелеріндегі, ғимараттардағы билбордтарды, жарнамалар мен маңдайша жазуларын ресімделуін тексеру рейдтерінің қорытындылары ұдайы жариялануда. Газетте жергілікті ақын-жазушыларымыздың туындыларына кеңірек орын беріледі. Академик-

да, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті ұйымдастырған «Мемлекеттілікті нығайту жағдайындағы тілдердің қызмет аясы мен дамуы» атты ғылыми-практикалық конференцияда жасаған баяндамамыз осы оқу орнының екі томдық арнайы басылымында (1 том, 45-50 беттер) жарық көрді. Бұл жарияланым кейін «Сарыарқа самалы» газетінде «Қоғам қолдаусыз қала бермек пе?» деген атаумен басылды.

Қоғам тарапынан атқарылған іс-шараларымыз облыстық радио және телевизиядан айтылуда. Радиожурналистер Әсел Жақсыбай, Шынар Мәдинова, Бекболат Сауырбайдың «Тіл және отбасы», «Қазақ тілін үйренейік» т.б. бағдарламалары жасалған баяндамамыз осы оқу орнының екі томдық арнайы басылымында (1 том, 45-50 беттер) жарық көрді. Бұл жарияланым кейін «Сарыарқа самалы» газетінде «Қоғам қолдаусыз қала бермек пе?» деген атаумен басылды. Қоғам тарапынан атқарылған іс-шараларымыз облыстық радио және телевизиядан айтылуда. Радиожурналистер Әсел Жақсыбай, Шынар Мәдинова, Бекболат Сауырбайдың «Тіл және отбасы», «Қазақ тілін үйренейік» т.б. бағдарламалары жасалған баяндамамыз осы оқу орнының екі томдық арнайы басылымында (1 том, 45-50 беттер) жарық көрді. Бұл жарияланым кейін «Сарыарқа самалы» газетінде «Қоғам қолдаусыз қала бермек пе?» деген атаумен басылды.

Қоғам тарапынан атқарылған іс-шараларымыз облыстық радио және телевизиядан айтылуда. Радиожурналистер Әсел Жақсыбай, Шынар Мәдинова, Бекболат Сауырбайдың «Тіл және отбасы», «Қазақ тілін үйренейік» т.б. бағдарламалары жасалған баяндамамыз осы оқу орнының екі томдық арнайы басылымында (1 том, 45-50 беттер) жарық көрді. Бұл жарияланым кейін «Сарыарқа самалы» газетінде «Қоғам қолдаусыз қала бермек пе?» деген атаумен басылды.

және ақпарат басқармасының бастығы Жеңіс Мананбаев қызу қолдап, қажетінше қол ұшын берген еді, енді оған тілдерді дамыту жөніндегі басқарма қолдау көрсетуде. «Көш жүре түзеліп», тыңнан жол алды. Орталық ашылғаннан бері облыс аумағындағы мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің 300-ден аса аудармашысы мен тіл мамандарын курстық дайындықтан өткізіп, оларға тиісті куәлік берді. Курста дәріс оқуға Олжабай Жармакин, Айтмұхамбет Тұрышев, Жақсыбай Сарбалаев, Айман Зейнуллина, Рысқұл Шақаман тәрізді Павлодар қаласы жоғары оқу орындарының ғалым-ұстаздары және Ульянов Мақұл, Шолпан Кинжикова сынды мемлекеттік органдардағы білікті тіл мамандары тартылды. Олар «Қазақ тілі» қоғамының арнайы жабдықталған кабинетінде (М. Қайырбаев к-сі, 32 үй, № 12 кабинет, тел: 32 – 18 – 19) тыңдаушыларға аударма теориясы мен практикасынан, тіл мәдениетінен, оқыту теориясы мен әдістемесінен, компьютерді игерту негіздерінен сабақ жүргізді.

Қоғам жанындағы Орталық Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы мемлекеттік тілді оқыту жөніндегі «Ана тіл қазыналық кәсіпорнымен (директоры Жолдубай Жаминов) іскерлік байланыс орнатты. Облысымыздың 70 жылдығы мерейтойы қарсаңында қаламыздағы есем ғимараттарды бірі – «Достық үйінен» «Қазақ тілі» қоғамына да орын бөлінді. Бұл – биыл өзінің 20 жылдығын атап өтуге дайындық үстіндегі қоғамдық бірлестікке билік тарапынан лайықты тарту болды, әрі мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру барысындағы істеріміздің нәтижелі болуына қолайлы жағдай тудырды.

Сөз соңында, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымының мүшелері Елбасымыздың «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген қағидағын берік ұстанып, облыс әкімдігінің тілдерді дамыту арналған кезекті бағдарламасын жүзеге асыруда қадары-қалында еңбек етіп, үлес қосуды екенін ризашылық сезіммен айтамын.